

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KCNK9182>

**\*А. Д. Жакупова<sup>1</sup>, О. А. Жумагулова<sup>2</sup>, И. С. Кайырбекова<sup>3</sup>,  
Г. Т. Тлеубердина<sup>4</sup>, Р. Мұратбекқызы<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup>Ш. Уәлиханов атындағы

Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

\*e-mail: [aygul.zhakupova@yandex.kz](mailto:aygul.zhakupova@yandex.kz)

## **БАЛАЛАР СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ УӘЖДЕМЕЛІК РЕФЛЕКСИЯСЫ**

*Мақала 2022–2024 жылдарға арналған «Тұлғаның моно және билингвальді жағдайда қалыптасудағы баланың уәждемелік рефлексиясы» атты Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған. Зерттеу Қазақстанның моно-және қостілді қоғамында қалыптасатын мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың уәждемелік рефлексиясын салыстырмалы-уәждемелік зерттеу әдіснамасына арналған. Мақалада әлемдік лингвистика ғылымында балалардың тілдік және метатілдік санасының, отандық ғылымдағы уәждеме мәселелерінің зерттелу тарихы сипатталады. Уәждемелік рефлексия лингвокогнитивтік құбылыс ретіндегі салыстырмалы уәждеменің объектісі ретінде қарастырылады. Осы саланы зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне, мақалаларына зерттеулеріне шолу жасалады. Жоба аясында жүргізілген бірінші психолингвистикалық экспериментте ұсынылған сөздерге берілген метасөйлемдері талданып, уәждемелік паспорттарында сипатталды. Психолингвистикалық және лингвистикалық эксперименттер жүргізу арқылы балалардың метатілдік санасына негізделген зерттеудің әдіснамалық аспектісі ұсынылған. Уәждемелік рефлексия адамның метатілдік ойлауының әмбебап қасиеті ретінде қарастырылады. Психолингвистикалық экспериментте моно және билингвалды топтардағы әр жастағы балалардың жас ерекшелігіне орай ұсынылған «Асқазан», «Көкек» сөздерінің уәждемелік паспорттарында уәждемелік-салыстырмалы*

*талдау жасалып, уәждемелік рефлексияны зерттеу әдістемесі ұсынылған.*

*Кілтті сөздер: уәждемелік рефлексия, психолингвистикалық эксперимент, балалар тілі, лингвистика, салыстырмалы уәждеме, тіл, билингвизм, метатіл*

### **Кіріспе**

Балалар жылы аясында балалардың сөйлеу тілін зерделеу мақсатында 2022–2024 жылдары Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде ф.ғ.д., профессор А. Д. Жакупованың жетекшілігімен орындалып жатқан «Тұлғаның моно және билингвальді жағдайда қалыптасудағы баланың уәждемелі рефлексиясы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыру жобасының маңыздылығын атап өтуге болады. Қазіргі тіл білімінде баланың тілдік санасында болып жатқан танымдық процестерге тілдің әсер ету мәселелері, баланың әлемді тану процесіндегі тілдің рөлі, балалардың дамуының алғашқы кезеңдеріндегі тіл мен ойлаудың байланысы, балалар әлемінің тілдік бейнесін қалыптастыруы, коммуникативті және когнитивті тәжірибедегі тілдік ойынның рөлін зерделеу арқылы балалар тілінің лингвистикасын зерттеу өзекті. Бүгінгі таңда әрбір ата-ана баласының бірнеше тілді меңгеріп, өз ойын сауатты жеткізе білгенін қалайды. Осыған байланысты балалардың сөйлеу тілін жас, гендерлік, әлеуметтік, эмоционалдық-психологиялық факторларға байланысты және тілдерді меңгеру дәрежесіне/деңгейіне, аналитикалық қабілеттеріне, бейнелі, метафоралық, ассоциативті ойлау түрлеріне қарай зерттеу лингвистердің қызығушылығын танытуда.

### **Материалдар мен әдістер**

Әлемдік лингвистикада балалардың тілдік және метатілдік санасын зерттеу өткен ғасырдың соңында қолға алынды. Алғаш рет балалардың сөйлеуіне қатысты УР табиғатын Т. А. Гридина тілдік сана мен баланың орыс тілін меңгеру стратегиясының ақыл-ой доминанттарының бірі ретінде зерттеді; УР-ны ономасиологиялық тұрғыдан орыс тілінде сөйлейтін және монолингвальды (орыс тілді) ортада тұратын балалардың тілдік санасының көрсеткіштеріне жүгіну арқылы баланың метатілдік іс-әрекетінің бір түрі ретінде қарастырады [1]. 1–11 жастағы балалардың сөйлеуін психолингвистикалық эксперимент арқылы бақылаған К. В Гарганееваның «Балалар тілінің уәждемелік сөздігі» орны ерекше [2].

Өкінішке орай, қазақстандық ғылыми ортада балалар тілін зерттеуге жеткілікті көңіл бөлінбегендігі байқалады. Негізінен балалардың қос тілді ерте меңгеруінің интеллектуалды дамуына әсері, көпмәдениетті қоғамда екі тілді тұлғаның қалыптасуы, интерференция проблемалары мәселелерін зерттейді [3, 60]. Қазақстандық лингвистер балалардың сөйлеуін қазақ тілінің

синтаксисі тұрғысынан зерттеп [4], мектеп жасына дейінгі балалардың етістік формаларын меңгеруіне психолингвистикалық талдау жүргізілді [5]. Балалар тілінің лексикалық жүйесін, метатілдік іс-әрекеттің игеру аспектісінде отандық тілшілер Қазақстанның көпмәдениетті қоғамында қалыптасатын моно және билингв балалардың тілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, балалар тілін зерттеген.

Осы тұрғыдан келгенде мақала авторларының зерделеп отырған моно және билингв балалар тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеуі өзекті болып отыр. Зерттеуде моно және билингва қоғамда қалыптасатын мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың метатілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, онтогенез, «балалар инновациялары метатілінің» өзекті мәселелері контекстіндегі балалардың уәждемелік рефлексиясын салыстырмалы-уәждемелік тұрғыдан саралауға бағытталған.

Балалар сөйлеу тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеудің негізгі әдістері – тікелей бақылау, жүйелеу, интроспекция, интерпретация, жіктеу, статистикалық деректерді өңдеудің жалпы ғылыми әдістері бар сипаттамалық әдіс, психолингвистикалық әдіс, компоненттік талдау әдісі, тілдік құбылыстарды когнитивті талдау әдісі (лексиканы тұжырымдамалық талдау әдісі), салыстырмалы әдіс, лингвистикалық модельдеу әдісі және үздіксіз іріктеу әдісі.

### **Нәтижесі және оларды талқылау**

Уәж (мотив) – тілдік құбылыс ретінде бір белгінің атау арқылы көрсететін акті, атау берер алдында қолданылатын ең маңызды сатысы. Уәждену – лексикологияның сөз бен ұғымның атау беру кезіндегі байланысын, сонымен қатар, сөздердің уәждену қалпын қарастыратын белгісі [6, 64]. Ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс- тіршілігімен сабақтасып жатқан белгілі бір затты танып-білуде ажыратқыш белгілерді қолдануы жайында Ж. А. Манкеева былай атап көрсеткен: «Қандай да болмасын заттың атауы тек атап қана қоймай, сонымен қатар оны танытады. Тану – белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асқандықтан, тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болады» [7, 148].

А. В. Суперанская өзінің «Общая теория имени собственного» атты монографиясында атау берудің екі түрін көрсетеді: объектінің орнын, атқаратын қызметін көрсетуші нақты атаулар, аталмыш объектінің атқаратын қызметін жанамалап көрсететін символдық атаулар [8, 276–284].

С. К. Иманбердиева, Ж. А. Ағабековалардың «Ақмола облысы топонимдері (түр, түсіндірме, құрылым, рәсімдеу)» атты еңбегінде бағалау уәжі: белгілі бір объектінің атауы оны анықтайтын сипатымен уәжденіп, жасырын (имплицитті) немесе ашық (эксплицитті) бағасын көрсетеді;

ономастикалық уәж: жалқы есім мен жалпы есім арасында бір-біріне ықпал және ауысуы [9, 148].

Уәждемелік рефлексия (УР) – бұл адамның метатілдік ойлауының әмбебап қасиеті, оның санасының экспрессия және тілдік бірліктердің мазмұнының арақатынасына, дыбыс пен мағына арасындағы байланыстың түсіндірілуіне бағытталуын анықтайды.

УР лингвокогнитивті құбылыс ретінде Т. А. Гридина (2002, 2005), О. С. Колясникова (2004, 2005), К. В. Гарганеева (2007), Н. Г. Фурман (2009) зерттейді, А. Д. Жакыпова салыстырмалы-уәждемелік тәсілді қолданды [10].

1984 жылы профессор О. И. Блинованың «Уәждеме және оның аспектісі» монографиясында зерделенген уәждеме теориясы УР-ны зерттеуге зор ықпалын тигізді [11].

Сөзді түсіну/түсінбеу үдерісін тек психолингвистикалық/лингвистикалық эксперимент нәтижесінде сипаттауға болады, бұл ақпарат берушілердің метатілдік санасының көрсеткіштерін жинауға және оларды талдауға мүмкіндік береді [14].

Зерттеу барысында психолингвистикалық және лингвистикалық экспериментке қатысатын 5–10 жас аралығындағы 60 бала 4 топқа бөлінді. Балалар бір (қазақ немесе орыс) немесе екі (қазақ және орыс, орыс және қазақ) тілдерін, мектепте оқыту тілін, үйдегі қарым-қатынас тілін және үйден тыс қарым-қатынас тілін меңгеру дәрежесіне қарай 4 топқа (әрқайсысы 12–15 адамнан) бөлінді: 1 топ-балалар, толық көлемде еркін қазақ тілін меңгерген (респонденттер-монолингвалар /МРҚ/); 2-топ – қазақ тілі бірінші, күшті, ал орыс тілі екінші, әлсіз болып табылатын балалар (респонденттер – бірінші қазақ тілі бар екі тілді балалар /БРҚ/); 3-топ – орыс тілі бірінші, күшті, ал қазақ тілі екінші, әлсіз болып табылатын балалар (респонденттер – екі тілді балалар бірінші орыс тілінде/RBR/). 4-топ-орыс ұлтының балалары, олар үшін қазақ тілі тек мектеп пәні ретінде таныс (респонденттер – монолингвалар /рмр/). Барлық топтар жасына сәйкес 3 кіші топқа бөлінеді: 5–6 жас, 7–8 жас, 9–10 жас.

Мақалаға қазақ тілді моно және билингва топтағы балалардың метатілдік сөйленімдері негіз болды. Түсіну үшін ақпараттанушыларға қазақ тілдерінің 90-ға жуық тілдік бірлік ұсынылды (уәждемеленген және уәждемеленген бір сөздік атаулар, сөз тіркестері), әрбір тілдік бірлікке 10–12 метасөйленімдер алынды, метасөйленімнің жалпы саны 720 бірлікті құрады.

Метасөйленімдер негізінде жасалған уәждемелік паспорт лексема туралы толық ақпарат береді және уәждемелік рефлексияны сипаттауға мүмкіндік береді. Дәлел ретінде «Асқазан» (ішкі дене мүшесі) сөзінің 5–6 жастағы монолингвалды респонденттер (МРҚ сол жақ баған) және билингвалды респонденттердің (БРҚ оң жақ баған) түсінуі тұрғысынан

саралап көрейік. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» асқазан сөзі келесідей анықталады: АСҚАЗАН зат.анат. <лат. ventrigulus> Ас қорытатын мүше. Асқазан ас қорыту жолының кеңейген бөлігі, асты сақтайды, қорытады және асты қорыту үшін сөл бөліп шығарады (Ә. Күзенбаева, Адам анатом.) [12, 14].

<b>АСҚАЗАН</b> ЛМ: ‘ас қорытатын мүше’	
монолингвалды респондент (МРҚ)	билингвалды респонденттер (БРҚ)
<p><b>АСҚАЗАН</b></p> <p>«асқазан – тамақ баратын жер» (4) «қазан – тамақ пісіретін ыдыс» (4) «асқа қатысты айтылып тұр» (4)</p> <p style="text-align: center;">УТ: АС/қазан</p> <p>СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: ‘асқазан тамақ &lt; баратын жер&gt;’ ЛУ<sub>1</sub>: ас (тамақ) ҚУ<sub>1</sub>: АСхана</p> <p style="text-align: center;">УТ: ас/ҚАЗАН</p> <p>СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: ‘қазан &lt;тамақ пісіретін&gt; ыдыс’ ЛУ<sub>2</sub>: қазан ҚУ<sub>2</sub>: ҚАЗАНбас</p> <p style="text-align: center;">УТ: АС/қазан</p> <p>СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: ‘асқа &lt;қатысты айтылып тұр&gt;’ ЛУ<sub>3</sub>: ас ҚУ<sub>3</sub>: АСпаз, АСхана</p> <p>СІТ: нұсқалы СІТ<sub>1</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>2</sub>: лексикаланған, метафораланбаған СІТ<sub>3</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған</p> <p>УБ: ас, қазан (АБ: тамақ) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>	<p><b>АСҚАЗАН</b></p> <p>«ас баратын жер» (5) «асқазан тамақ жеу үшін керек» (4) «ас пісіретін қазаннан жасалған шығар (?)», білмеймін» (3)</p> <p style="text-align: center;">УТ: АС/қазан</p> <p>СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: ‘ас &lt;баратын жер&gt;’ ЛУ<sub>1</sub>: ас ҚУ<sub>1</sub>: АСпаз, АСхана</p> <p style="text-align: center;">УТ: АС/қазан</p> <p>СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: ‘асқазан тамақ &lt; жеу үшін керек&gt;’ ЛУ<sub>2</sub>: ас (тамақ) ҚУ<sub>2</sub>: АСпаз, АСхана, ҚАЗАНбас</p> <p style="text-align: center;">УТ: АСҚАЗАН</p> <p>СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: ‘ас &lt;пісіретін&gt; қазаннан &lt;жасалған шығар (?)&gt;’ ЛУ<sub>3</sub>: ас, қазан ҚУ<sub>3</sub>: АСпаз, АСхана, ҚАЗАНбас</p> <p>СІТ: нұсқалы СІТ<sub>1</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>2</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>3</sub>: лексикаланған, метафораланбаған УБ: ас, қазан: (АБ: тамақ) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>

Уәждемелік паспортта көрсетілгендей, «асқазан» сөзін экспериментке қатысушылар тегіс танығанымен, бірақ әртүрлі түсіндіреді. Мәселен, МРҚ тобының ақпарат берушілерінің метатілдік сана көрсеткіштері негізінде сөздің ішкі тұлғасын (СІТ) әртүрлі танылатыны көрінеді, нәтижесінде 2 түрлі сөздің ішкі тұлғасы анықталса, 2 түрлі уәждемелік тұлға (УТ) және 3 түрлі уәждемелік мағына (УМ) танылған. Монолингв балалардың уәждемелік рефлексиясында сөздің дыбыстық жамылғышының түрлі сегменттерімен берілгені байқалады. Атап айтсақ, – УТ: АС/қазан, ас/ҚАЗАН. УМ-ға жасалған талдау негізінде, 8 респонденттің «ас», 4 респонденттің «қазан» семаларына назар аударғаны анықталды. Экспериментке қатысқан балалардың жалпы саны – 12. Сөздің ішкі тұлғасындағы уәждемелік мағыналар *‘асқазан тамақ <баратын жер>’, ‘қазан <тамақ пісіретін > ыдыс’, ‘асқа <қатысты айтылып тұр>’* түрінде анықталады. Асқазан лексемасын талдау барысында балалар ас, тамақ синонимдерін қолданады да аталған тілдік бірліктің лексикалық мағынасындағы «ас қорытатын мүше» деген мазмұнын толық түсінетінін көрсетеді. Ал уәждемелік тұлға ретінде «қазан» сегментін таныған 4 бала берілген сөз туралы когнитивтік білімін өзектендіре отырып, қазақ халқының ұлттық құндылығы ретінде танылатын ыдыс ұғымын қолданады да сөздің жасалуына негіз болған метафоралық мағынаға мән бермейді. Демек, СІТ<sub>1,3</sub> лексикаланбаған, ал СІТ<sub>2</sub> лексикаланған. СІТ<sub>1</sub> метафораланған, СІТ<sub>2,3</sub> метафораланбағаны негізінде *асқазан* сөзі монолингв балалардың түсінігінде жартылай уәждемеленген сөз болып табылады.

Экспериментке қатысушы билингва тобындағы респонденттерінің (БРК) «асқазан» сөзін тануына жасалған сараптамалық талдаудың нәтижесі бойынша: он екі респондент СІТ тануда үш түрлі көзқарас білдірген, соның нәтижесінде үш түрлі СІТ, екі түрлі УТ: АС/қазан, АСҚАЗАН, үш түрлі УМ: *‘ас <баратын жер>’, ‘асқазан тамақ < жеу үшін керек>’, ‘ас <пісіретін> қазаннан <жасалған шығар (?), білмеймін>’* анықталды. СІТ<sub>1,2</sub> лексикаланбаған, метафораланбаған, СІТ<sub>3</sub> ақпарат берушілер тарапынан *шығар (?), білмеймін* деген лексемалардың негізінде қосу арқылы лексикаланған, метафораланбаған, нұсқалы, уәждемелік белгісі: ас, қазан, атауыштық белгісі: тамақ, уәждемелік типі лингвистикалық; морфологиялық уәж, лексикалық және құрылымдық уәждері негізінде жартылай уәждемеленген сөз екендігін танытты.

Респонденттердің екі тобының салыстырмалы уәждемелік паспорты негізінде моно және билингва тобына ортақ метасөйленімдер кездескенін байқатты: «асқазан – тамақ баратын жер» (4) монолингва) «ас баратын жер» (5) билингва). Яғни аталған топтардағы 15 респондент (монолингва тобындағы 4–12-ден 36 % және билингва 5–12-ден 42 %) ас/тамақ баратын



жер деген түсінік берсе, «асқа қатысты айтылып тұр» (4) монолингва тобындағы 4–12-ден 36 %) деген көзқарас білдірдірсе, «асқазан тамақ жеу үшін керек» (4) билингва 4–12-ден 25 %) деген түсінікте ас/тамақ сегментін өзектендіреді. Танымында ерекшелігі бар «қазан – тамақ пісіретін ыдыс» (4) монолингва тобындағы 4–12-ден 36 %) деген сенімді, ал «ас пісіретін қазаннан жасалған шығар (?)», білмеймін» (3) билингва 5–12-ден 25 %) деген болжалды көзқарас білдіреді.

Психоллингвистикалық экспериментке қатысқан 7–8 жастағы моно (МРК) және билингва (БРК) топтарындағы респонденттердің (әр топта он екіден) «Көкек» орнитонимін танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау жасап көрейік. Көкек сөзінің лексикалық мағынасы – «тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше біткен айдары бар сарала түсті, «көкек-көкек» деп дыбыс шығаратын құс» [13, 234].

Монолингва тобы	Билингва тобы
<p><b>КӨКЕК</b> «көкек деген дыбыс шығаратын құс» (10) «көкек көктемде келетін құс» (2)</p> <p>УТ: КӨКЕК СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: 'көкек &lt;деген дыбыс шығаратын&gt; құс' ЛҮ<sub>1</sub>: көкек ҚҮ<sub>1</sub>: КӨКЕКше, КӨКҚҰТАН, КӨККЕПТЕР</p> <p>УТ: КӨК/ЕК СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: 'көкек көктемде &lt; келетін&gt; құс' ЛҮ<sub>2</sub>: көкек ҚҮ<sub>2</sub>: ҚҮ<sub>1</sub></p> <p>СІТ: вариативті, лексикаланбаған, метафораланбаған</p> <p>УБ: көкек (АБ: дыбыс) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>	<p><b>КӨКЕК</b> «көк-көк деп ән салатын құс» (5) «көктемде келетін әнші құс» (5) «түсі көк шығар (?)», білмеймін» (2)</p> <p>УТ: КӨК/ЕК СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: 'көк-көк &lt;деп ән салатын&gt; құс' ЛҮ<sub>1</sub>: көкек ҚҮ<sub>1</sub>: КӨКҚҰТАН, КӨККЕПТЕР</p> <p>УТ: КӨК/ЕК СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: 'көктемде &lt;келетін әнші&gt; құс' ЛҮ<sub>2</sub>: көкек ҚҮ<sub>2</sub>: ҚҮ<sub>1</sub></p> <p>УТ: КӨК/ек СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: '&lt;түсі&gt; көк &lt;шығар (?)', білмеймін&gt;' ЛҮ<sub>3</sub>: көк ҚҮ<sub>3</sub>: КӨКҚұтан</p> <p>СІТ: вариативті СІТ<sub>1</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>2</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>3</sub>: лексикаланған, метафораланбаған</p> <p>УБ: көкек (АБ: дыбыс) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>

Берілген уәждемелік паспорттан (төлқұжаттан) «Көкек» сөзі экспериментке қатысушылар арасында әртүрлі танылатыны байқалады. Атап айтсақ, МРҚ тобындағы ақпарат берушілердің метатілдік санасының көрсеткіштеріне жасалған сараптамалық талдау нәтижесі сөздің ішкі тұлғасының әр түрлі танылатынын көрсетті. Нәтижесінде екі түрлі сөздің ішкі тұлғасы (СІТ) анықталып, екі уәждемелік тұлға (УТ) мен екі уәждемелік мағына (УМ) танылды. Моно тобындағы респонденттер сөздің дыбыстық жамылғышын құрайтын әр сегментке назар аударады – УТ: *КӨКЕК, КӨК/ЕК*. УМ-ға (уәждемелік мағына) жасалған талдау бойынша 10 респонденттің *көкек* тілдік бірлігін тұтасымен танығандығы байқалады – УМ: *көкек <деген дыбыс шығаратын> құс*'. Ал екі респонденттің көзқарасы бойынша – УМ: *'көкек көктемде <келетін> құс*' деген сипаттама берілді. Бұл ақпарат берушілер тарапынан УТ *көк* және *ек* сегменттеріне бөлінетіндігі, сонымен қатар УМ-ны тануда *көк* сегментін *көктем* яғни *көктің шығуымен* байланыстырса, ал *ек* сегментін *құс* атауын жасайтын сөзжасамдық жұрнақ деп анықтаған. Көрсетілген екі СІТ-ке жасалған талдау нәтижесінде *Көкек* сөзі монолингвалар тарапынан әртүрлі түсінік берілуіне орай вариативті, лексикаланбаған, метафораланбаған, лексикалық және құрылымдық уәжі анықталған толық уәждемеленген сөз деп қабылдауға мүмкіндік береді.

Экспериментке қатысушы билингва тобындағы респонденттерінің «көкек» сөзін тануына жасалған сараптамалық талдаудың нәтижесі бойынша: он екі респондент СІТ тануда үш түрлі көзқарас білдірген, соның нәтижесінде үш түрлі СІТ, екі түрлі УТ: *КӨК/ЕК, КӨК/ек*, үш түрлі УМ: *'көк-көк <деп ән салатын> құс*'; *'көктемде <келетін әнші> құс*'; *'<түсі> көк <шығар (?), білмеймін>*' анықталды. СІТ<sub>1,2</sub> лексикаланбаған, метафораланбаған, СІТ<sub>3</sub> лексикаланған (ақпарат берушілер тарапынан *шығар (?), білмеймін* деген лексемалар қосу арқылы, өз жауаптарына деген сенімсіздік, болжау мағыналарын тудырған), метафораланбаған, вариативті, уәждемелік белгісі көкек, атауыштық белгісі дыбысқа негізделген, уәждемелік типі лингвистикалық: морфологиялық уәж деп сипатталып, лексикалық және құрылымдық уәждері бар жартылай уәждемеленген сөз екендігін танытты.

Экспериментке қатысқан екі топтың салыстырмалы уәждемелік паспорты негізінде моно және билингва тобындағы респонденттерге ортақ метасөйленімдер кездескенін байқатты: *«көкек деген дыбыс шығаратын құс»* (10) монолингва), *«көк-көк деп ән салатын құс»* (5) (билингва); *«көкек көктемде келетін құс»* (2) (монолингва); *«көктемде келетін әнші құс»* (5) (билингва). Яғни аталған топтардағы 15 респондент (монолингва тобындағы 10–12-ден 83 % және билингва 5–12-ден 42 %) дыбыс шығаратын құс деген көзқарас білдірсе, *«көкек көктемде келетін құс»* (2) (монолингва 2–12-ден 17%, *«көктемде келетін әнші құс»* (5) (билингва 5–12-ден 42 %)

деп көктемде келетін құс екендігін атап өтті. Ал айырмашылық билингва тобында «*түсі көк шығар (?), білмеймін*» (2–12-ден 16 %) деген метасөйленім арқылы көрсетілді.

### **Қорытынды**

Асқазан, көкек лексемаларын тануда моно және билингвалды балалардың уәждемелік рефлексиясының мазмұны уәждемелік-салыстырмалы талдау арқылы зерделенді. Талдау барысында монолингва тобындағы респонденттер ұсынылған тілдік бірлікті толық түсінетіні және когнитивті ассоциациясының кеңдігін көрсетеді. Ал билингвалды балалардың уәждемелік рефлексиясын саралау барысында лексиканың уәждемеленген қабатын түсіну стратегиясындағы шектеулік байқалады. Ол жауаптарындағы сенімсіздік мәні *шығар (?), білмеймін* қолданыстары арқылы көрініс табады. Тілдік фактілерді білудің операциялық алгоритмдерін анықтауда баланың тілді игерудегі лингвокогнитивті тәжірибесінің 2 стратегиясы анықталды: синонимдерді қолдану (ас-тамақ), өз түсінігінде уәждемеленген сөзді уәждеп, сегменттерге бөлу арқылы түсіндіреді [15].

Эксперимент барысында бала тіліндегі УР механизмі метатілдік санасының мазмұны тұрғысынан зерттелді. Монолингва балалар мен билингва тілді балалардың уәждемелік рефлексиясының әмбебап және ерекше лингвистикалық ерекшеліктері анықталды, бұл тілді меңгеру стратегиясы, баланың сөйлеуі мен ақыл-ой әрекетін дамыту мәселелерін одан әрі шешуге ықпал етеді.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала 2022–2024 жылдарға арналған АР14869264 «Тұлғаның моно және билингвальді жағдайда қалыптасудағы баланың уәждемелі рефлексиясы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Гридина, Т. А.** «Своя игра»: ребенок в мире языка: Монография [Мәтін]. – Екатеринбург : ФГБОУ ВПО Урал. гос. пед. ун-т, 2015. – 177 с.

2 **Гарганеева, К. В.** Мотивационный словарь детской речи/Под ред. О. И. Блиновой [Мәтін]. – Томск, 2007. – 122 с.

3 **Rakhilina, E., Vyrenkova, A., Polinsky, M.** Linguistic creativity in heritage speakers [Мәтін]// Glossa : a journal of general linguistics. 2016. Vol. 1. No. 1. 1–29 p.

4 **Аяпова, Т. Т.** Развитие синтаксиса речи детей (на материале казахского языка) : автореф. дис. ... канд. филол. наук [Мәтін]. – Алматы, 1988. – 17 с.

5 **Винницкая, И. М.** Психолингвистический анализ усвоения глагольных форм (на материале детской речи) : автореф. дис. ... канд. филол. наук [Мәтін]. – Алматы, 1999. – 18 с.

6 **Гинатулин, М. М.** К исследованию мотивации лексических единиц на материале наименований птиц: автореф. ... канд. филол. наук [Мәтін]. – Алматы, 1973. – С. 64.

7 **Манкеева, Ж. А.** Мәдени лексикалық ұлттық сипаты [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1997. – 148 б.

8 **Суперанская, А. В.** Общая теория имени собственного [Мәтін]. – М. : Наука, 1973. – С. 276–284

9 **Иманбердиева, С. К., Ағабекова, Ж. А.** Ақмола облысы топонимдері (түр, түсіндірме, құрылым, рәсімдеу). Оқу құралы [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 130 б.

10 **Жакупова, А. Д.** Сопоставительная мотивология славянских и тюркских языков [Мәтін]. – Кокшетау : Изд-во НАО Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, 2021. – 442 с.

11 **Блинова, О. И.** Мотивология и ее аспекты [Мәтін]. – Томск : Изд-во Томского государственного университета, 2007. – 394 с.

12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2 том. А-Б. [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2006. – 744 б.

13 **Күдерина, Қ., Жұбаева, О., Жолшаева, М. және т.б.** Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том [Мәтін]. – Алматы, 2011. – 744 б.

14 **Volterra, V., Taeschner, T.** The acquisition and development of language by bilingual children [Мәтін] //Journal of child language. – 1978. – Vol. 5. – №. 2. – 311–326 p.

15 **Genesee, F.** Early bilingual development: One language or two? [Мәтін] //Journal of child language. – 1989. – Vol. 16. – №. 1. – 161–179 p.

## References

1 **Gridina, T. A.** «Svoia igra» : rebenok v mire iazyka [«Your game» : a book in the world language][Text]. –Yekaterinburg : FGBOU VPO «Ural. Gos. PED. UN-T», 2015. – 177 p.

2 **Garganeeva, K. V.** Motivacionnyi slovar' detskoï rechi/Pod red. O. I. Blinovoï [Motivational Dictionary of children's speech / Ed. O. I. Blinovoy] [Text]. – Tomsk, 2007. -122 p.

3 **Rakhilina, E., Vyrenkova, A., Polinsky, M.** Linguistic creativity in heritage speakers [Мәтін] // Glossa : a journal of general linguistics. 2016. Vol. 1. No. 1. 1–29 p

4 **Аяпова, Т. Т.** Razvitie sintaksisa rechi detei (na materiale kazhskogo iazyka) : avtoref. dis. ... kand. filol. nau [Developing the syntax of children (in the material of the Kazakh language) : abstract. dis. ... Kand. philol. Nauk] [Text]. –Almaty, 1988. – 17 p.

5 **Vinnitskaya, I. M.** Psiholingvisticheski analiz usvoenia glagolnyh form (na materiale detskoi rechi) : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk [Psycholinguistic analysis of the main forms of understanding (in the material of the child) : abstract. dis. ... Kand. philol. Nauk] [Text]. – Almaty, 1999. – 18 p.

6 **Ginatulin, M. M.** Psiholingvisticheski analiz usvoenia glagolnyh form (na materiale detskoi rechi) : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. [K. studying the motivation of lexical units in the material of the names of ptits: abstract. ... Kand. philol. Nauk] [Text]. – Almaty, 1973. – p. 64.

7 **Mankeeva, Z. A.** Mädeni leksikalıy ultiyq sipat. [Cultural lexical national character] [Text]. – Almaty : Science, 1997. – 148 p.

8 **Superanskaya, A. V.** Obşaia teoria imeni sobstvennogo. [The General Theory of ownership] [Text]. – M. : Nauka, 1973. – p. 276–284

9 **Imanberdieva, S. K., Agabekova, Zh. A.** Aqmola oblysy toponimderi (tür, tüsindirme, qurylym, räsimdeu) [Toponyms of the Akmola Region (Type, explanation, structure, design) Training manual] [Text]. – Nur-Sultan, 2020. – 130 p.

10 **Zhakupova, A. D.** Sopostavitelnaia motivologia slavänskih i türkskih iazykov. [Comparative motivology of Slavic and Turkic languages [Text]. – Kokshetau : izd-Vo NAO Kokshetau University im.Sh. Ualikhanova, 2021. – 442 p.

11 **Blinova, O. I.** Motivologia i ee aspekty [Aspects of Motivology and EE] [Text]. – Tomsk : izd-Vo Tomsk State University, 2007. – 394 p.

12 Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq. 2 tom. A-B. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 2. A-B] [Text]. – Almaty : Arys, 2006. – 744 p.

13 **Kuderinova, K., Zhubaeva, O., Zholshaeva, M.** Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq. 8-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 8] [Text]. – Almaty, 2011. – 744 p.

14 **Volterra, V., Taeschner, T.** The acquisition and development of language by bilingual children [Text]. //Journal of child language. – 1978. – Vol. 5. – №. 2. – 311–326 p.

15 **Genesee, F.** Early bilingual development: One language or two? [Text]. //Journal of child language. – 1989. – Vol. 16. – №. 1. – 161–179 p.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

\*А. Д. Жакупова<sup>1</sup>, Ө. А. Жумагулова<sup>2</sup>, И. С. Кайырбекова<sup>3</sup>,

Г. Т. Тлеубердина<sup>4</sup>, Р. Муратбеккызы<sup>5</sup>

<sup>1,2,3,4,5</sup>Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Принято к изданию 30.11.23.

## МОТИВАЦИОННАЯ РЕФЛЕКСИЯ ДЕТСКОЙ РЕЧИ

*Статья написана в рамках проекта, осуществляемого при грантовом финансировании МНВО РК на 2022–2024 годы «Мотивационная рефлексия детей в условиях моно и билингвального формирования личности». Исследование посвящено методологии сравнительно-мотивационного исследования мотивационной рефлексии детей дошкольного и младшего школьного возраста, формирующейся в моно и билингвальном обществе Казахстана. В статье описывается история изучения языкового и метаязыкового сознания детей в мировой лингвистической науке, проблем мотивации в отечественной науке. Мотивационная рефлексия рассматривается как объект сравнительной мотивации лингвокогнитивного явления. Дается обзор исследований ученых, изучавших эту область. В первом психолингвистическом эксперименте, проведенном в рамках проекта, были проанализированы метапредложения к предложенным словам и описаны в мотивационных паспортах. Представлен методологический аспект исследования, основанный на метаязыковом сознании детей посредством проведения психолингвистических и лингвистических экспериментов. Мотивационная рефлексия рассматривается как универсальное свойство метаязыкового мышления человека. В психолингвистическом эксперименте в мотивационных паспортах слов «Желудок», «Кукушка», представленных в зависимости от возраста детей разного возраста в моно и билингвальных группах, проведен мотивационно–сравнительный анализ и предложена методика исследования мотивационной рефлексии.*

*Ключевые слова: мотивационная рефлексия, психолингвистический эксперимент, детский язык, лингвистика, сравнительная мотивация, язык, двуязычие, метаязык.*

\*A. D. Zhakupova<sup>1</sup>, O. A. Zhumagulova<sup>2</sup>, I. S. Kayyrbekova<sup>3</sup>,

G. T. Tleuberdina<sup>4</sup>, R. Muratbekkyzy<sup>5</sup>

<sup>1,2,3,4,5</sup>Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Accepted for publication on 30.11.23.

## MOTIVATIONAL REFLECTION OF CHILDREN'S SPEECH

*The article was written within the framework of the project implemented with grant funding of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2022–2024 «Motivational reflection of children in the conditions of mono- and bilingual personality formation». The research is devoted to the methodology of comparative motivational research of motivational reflection of preschool and primary school age children, which is being formed in the mono- and bilingual society of Kazakhstan. The article describes the history of the study of linguistic and metalanguage consciousness of children in the world linguistic science, the problems of motivation in domestic science. Motivational reflection is considered as an object of comparative motivation as a linguocognitive phenomenon. An overview of the research of scientists who have studied this area is given. In the first psycholinguistic experiment conducted within the framework of the project, meta-suggestions to the proposed words were analyzed and described in motivational passports. The methodological aspect of the study based on the metalanguage consciousness of children through psycholinguistic and linguistic experiments is presented. Motivational reflection is considered as a universal property of a person's metalanguage thinking. In a psycholinguistic experiment, a motivational comparative analysis was carried out in the motivational passports of the words «Stomach», «Cuckoo», presented depending on the age of children of different ages in mono- and bilingual groups, and a methodology for the study of motivational reflection was proposed.*

*Keywords: motivational reflection, psycholinguistic experiment, children's language, linguistics, comparative motivation, language, bilingualism, metalanguage.*

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)